

Қозғамбаева Г.Б.¹, Исабек Б.Қ.²

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан,
Алматы қ., gulnar.kozgambaeva@mail.ru

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., barsha73@mail.ru

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ – ТҮРКІСТАН

Мақалада сан ғасырлық тарихы бар, түбі бір түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық сауда орталығы ретінде Түркістан қаласының тарихтағы орны мен рөлі қарастырылды. Ортағасырдан қалған сәулет өнерінің інжу-маржаны Ясауидің кесенесі де осы Түркістанда. Қала екі ғасырдан астам уақыт Қазақ хандығының астанасы қызметін атқарған және онда қазақтың игі жақсылары жерленген. Қала аумағындағы мәдени мұралардың бірегейі – Қ.А. Ясауи тарихи мемориалдық кешені мен оның айналасындағы ескерткіштердің жағдайына сипаттама берілді. Қылуат пен Әулие Құмшық ата жер асты мешіттерінің салынуы тарихы қарастырылды. Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласының даму тарихына тарихи тұрғыдан талдау жасалды. Түркістан қаласының жасын анықтау барысындағы жаңа көзқарастар қамтылып, қала тарихының беймәлім кейбір қырлары ашылып көрсетілді.

Мақаланы жазу барысында әр түрлі дереккөздер, ғылыми еңбектер, баспасөз беттеріндегі материалдар, архив деректері және археологиялық қазба материалдары негізінде жарияланған еңбектер қарастырылды. Мақалада тарихи талдау, салыстыру әдісін қолдану арқылы Түркістан қаласының тарихы мен тарихи ескерткіштердің ерекшеліктеріне талдау жасалды.

Түйін сөздер: Түркістан, тарихи ескерткіш, рухани орталық, мәдениет, кесене.

Kozgambaeva G.B.¹, Isabek.B.K.²

¹al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

²South Kazakhstan state pedagogical University,
Kazakhstan, Shymkent, e-mail: barsha73@mail.ru

The spiritual capital of the turkic world-Turkestan

The article deals with the place and role of Turkestan in history as a center of spiritual, cultural and economic trade of the Turkic peoples with a long history. In this Turkestan is the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, the pearl of medieval architectural art. At each stage of the history of the city studied K. Baipakov, M. Masson, S. Adilgireev, E. Smagulov, M. Tuyakbay, M. T. Kozha B. the analysis was carried out on the basis of the works of archaeologists. The city served as the capital of the Kazakh khanate for more than two centuries, where the best Kazakh tribes were buried. The uniqueness of the cultural heritage on the territory of the city was given the characteristic of the state of the historical and memorial complex of Yasawi and monuments around it. The history of construction of underground mosques kulula Komsic and Aulie-ATA. The historical analysis of the history of the spiritual capital of the Turkic world of Turkestan was carried out. New approaches in the process of determining the age were covered by the city of Turkestan, unknown openly demonstrated some aspects of the history of the city

During the writing of the article various sources, scientific works, materials on the pages of the press, works written on the basis of archival data and published on the basis of materials of archaeological excavations were considered. The article analyzes the features of the history and historical monuments of Turkestan using the method of historical analysis and comparison.

Key words: Turkestan, Historical monuments, Spiritual center, Culture, Mausoleum.

Козгамбаева. Г.Б.¹, Исабек Б.Қ.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

²Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Казахстан, г. Шымкент, e-mail: barsha73@mail.ru

Духовная столица тюркского мира – Туркестан

В статье рассмотрены место и роль Туркестана в истории как центра духовной, культурной и экономической торговли тюркских народов, имеющих многовековую историю. В этом Туркестане находится мавзолей Ходжа Ахмеда Яссави, жемчужина средневекового архитектурного искусства. Город более двух веков служил столицей Казахского ханства, где похоронены лучшие казахские племена. Была дана характеристика состояния историко-мемориального комплекса Яссави и памятников вокруг него. Рассмотрена история строительства подземных мечетей кылуэта и Аулие Кумшык-ата. Был проведен исторический анализ истории развития духовной столицы тюркского мира – города Туркестан. В процессе определения возраста были охвачены города, близлежащие с городом Туркестан, открыто продемонстрированы некоторые аспекты истории города.

В ходе написания статьи были рассмотрены различные источники, научные труды, материалы на страницах печати, труды, написанные на основе архивных данных и опубликованные на основе материалов археологических раскопок. В статье проанализированы особенности истории и исторических памятников Туркестана с использованием метода исторического анализа, сравнения.

Ключевые слова: Туркестан, исторический монумент, духовный центр, культура, мавзолей.

Кіріспе

Сан ғасырлық тарихы бар, түбі бір түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық сауда орталығы ретінде Түркістан қаласының тарихтағы орны ерекше. Ортағасырдан қалған сәулет өнерінің інжу маржаны – Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі де осы Түркістанда. Қазақтың бір топ саяси және діни, рухани, заңғар, алып тұлғаларының денесі осы Түркістан топырағында жерленген. Түркістан қаласының тарихына қатысты жазба деректемелерге: араб, парсы, моңғол үстемдігі тұсындағы, қазақ хандығы дәуірінің және XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан туралы деректер жатады.

Түркі әлемінің рухани астанасы – және Ясауи ілімінің өміршеңдігінің үлгісі, халықтың рухани, діни, қоғамдық, әлеуметтік қажеттіліктеріне сай жан-жақты қызмет атқарып келген қаланың даму тарихы тереңде. Қазақстандағы ортағасырлық рухани орталықтың бірі – Түркістан қаласының өзінде қала атын әлемге талантымен танылған әйгілі тұлғалар дүниеге келген еді. Ғасырлар бойында ғұмыр кешкен бабаларымыз кейінгі ұрпаққа төлтума мәдени мұралардың бірегейі – Қожа Ахмет Ясауи тарихи мемориалдық кешенін қалдырды. XIV ғасырдың аяғында салынған бұл ғимарат әлемдегі миллиондаған адамдар үшін талай ғасырлар бойы тәуап етер рухани орталық болды. М.Массон бұл ескерткіш туралы былай деп жазды: «Жасалған құдіретті кесененің

жоспары жағынан да, түпкі ойы жағынан да Орта Азияда ұқсасы жоқ. Ол – бірегей. Бірақ оның көк тіреген зәулім тұрпатындағы ислам өнері жасап шығарған дәстүрлі сипаттың арғы жағынан дәуірге үндес пиғылдың сарыны еріксіз сезіледі, ол сасанилер дәуіріндегі Персеполдың аса салмақты стилі мен императорлық Византия сәулет өнерінен түйсік арқылы алынған болуы мүмкін. Ктесифон мен Фурузабад сарайлары П әріпі түріндегі жоспардың сипатты тұрпатынан өз көрінісін тапқан; сасанилер патшаларының қабылдау залының алып күмбезі айбынды порталға үлгі болған... Даңқты шығыстың ғана емес, мұсылмандық Түркияның да сәулет өнеріне, едәуір дәрежеде сан ғасырларға озып кеткен сол дүниежүзілік ескерткішке тәуелділіктің Қожа Ахмет кесенесінде айқын көрінгені сонша, оны «мұсылмандардың Айя-Софиясы деп толық негізбен атауға болады» (Қазақстан тарихы, 1998:264). Өзінің «Даналық кітабымен» әлемге танылған әулие бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің есімін Түркістаннан немесе керісінше Түркістанды Ясауи атынан ажыратып қарау да мүмкін емес (Кәрібаев, 1999:48). Түркістан қаласының тарихын баяндағанда ондағы тарихи-мәдени ескерткіштерге тоқталмай кете алмаймыз. Ғасырлар бойында ғұмыр кешкен арғы ата-бабалар, кейінгі ұрпақтарына бүкіл адамзат игілігіне айналар төлтума мәдениетін мұра етіп қалдырды. Сондай мәдени мұралардың бірегейі – Қ.А. Ясауи тарихи мемориалдық кешені. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфа-

хани бұл құрылысты «Дүние жүзінде салынған керемет ғимараттардың және адамзат баласының таңғажайып туындыларының бірі», деп айтты (Фазлаллах Ибн Руз., 1976: 368).

Қазақстанның оңтүстігін Ресей империясы отарлау саясаты нәтижесінде өзінің құрамына алғаннан кейін, Түркістанда болып, Ясауи кесенесін тамашалап қайтқан Мир-Салих Бекчурин: «Адам қолымен сомдалған керемет дүние сол замандағы шеберлердің дарындылығын көрсетумен қатар қазіргі көркемдік дүниелерге де үлгі боларлық деңгейде...» – деп, жазды (Бекчурин, 1972:55-56). Кесененің тағдыры қазақ халқының тағдырымен үндес болды. 1864 ж. Черняев бастаған патша әскерлері Түркістан қаласын қоршауға алып атқылағанда, Ясауи кесенесі соғыс майданына айналды. Орыстарға қарсы жақ кесенеге тығылғандықтан, Кесенеге зеңбіректен оқ атылды. Оның он бірі ғимаратқа тиіп, кесене қабырғаларына, күмбездеріне зақым келтірді. Кесенені қалайда сақтап қалуды ойлаған шырақшылардың бірі басын қатерге тігіп, мұнара басына өрмелеп ақ жалау тастамағанда, оқтар легі толастамай керемет жәдігеріміз жермен-жексен болар еді (<http://abai.kz/post/5215>). 1876 жылы зеңбірек оқтарынан жараланған кесенені көзімен көрген француз зерттеушісі Мари де Ужфальви-Бурдон баспасөз бетінде оның сымбатына тамсана отырып, кесененің таяу болашағына алаңдаушылық білдіреді: «Түркістан кереметі – Әзіретмешіті... Жіңішке күн сәулелерін өткеріп тұрған күмбез архитектурасының үйлесімді пішіндері таңдандырады. Бұл туындыны сомдаған архитектор аса дарынды маман және аса талғампаз адам болған. Ғимараттың ірі бөліктері батылдықпен және қайталанбас пішінімен таңғалдырады, ал ұсақ бөліктері аса ұқыптылықпен сомдалған... Осы ғажап ескерткішті қазір жөндеу үшін миллиондаған қаражат қажет болар еді; кесененің ұсқынсыз құланды төбеге айналу сәті тақап-ақ қалды», деген пікірді айтқан болатын (История Казахстана в западных источниках, 2006:408). Алайда француз зерттеушісінің болжамы қалт кетіп, ескерткіш көптеген реставрациялық жұмыстар нәтижесінде бізге аман-есен жетіп отыр. Кеңестік дәуірде жүргізілген реставрациялық жұмыстар ескерткішті қауіпті жағдайдан алып шықты. Кесенені қорғау мен жөндеу шараларын жүзеге асыру үшін 1922 жылы арнайы экспедиция құрылды. Экспедиция құрамында А. Семенов, Д. Печкин, А. Шмидт және инженер С. Орбели қызмет етті. Экспедиция кесенені суретке түсіріп, оның

архитектуралық өлшемдерін жасады. Ұлы Отан соғысының басталуы салдарынан жұмысты одан әрі жалғастыруға мүмкіндік болмай, тек 1952 жылы ғана қайта жалғасын тапты. 1972-1982 жж. профессор Мендіқұловтың қатысуымен В. Тұяқбаева мен А.Н. Проскуриннің жобалары бойынша комплекс конструкциясының жарылған жерлерін бекіту жұмыстары жүргізілді. Арнайы архитектуралық, археологиялық және инженерлік зерттеулер жүргізіліп кесененің ғылыми негізделген алғашқы нақыш-өрнегі қалпына келтірілді (Берденова, 1999:99.). Алайда барлық жұмыс ойдағыдай болмады. Кесене айналасындағы бір топ ескерткіштер бұзылды, ескерткіштің тіршілігі мен бұрынғы қоршаған ортасы өзгерді. Кеңестік заманда кесенеге тек ортағасырлық сәулет ескерткіші тұрғысынан ғана қарау басым болды. Оның қазақ халқының атақты тұлғаларының жерленген пантеоны екені, онда қазақ даласы үшін маңызы зор оқиғалардың өткені ескерілмеді. Жөндеу және реставрациялық жұмыстар барысында құлпытастардың басым бөлігі өз орындарынан жылжытылды, олардың астындағы қабірлердің көбі зерттелмей, жермен-жексен етілді. Осындай қателіктерді қалпына келтіріп, зерттеу нәтижелері бойынша Кесенеді 300-ден астам тарихи тұлғалар жерленген болса, қорық-мұражай мамандарының зерттеулері нәтижесінде тұлғалардың 180-і анықталды. Ол туралы Тұяқбаев өз еңбегінде Кесенеді қазақ тарихында халық үшін бүкіл күш-қайратын жұмсаған көптеген тұлғаларымыз жерленгендігін айта келе, онда: «Есім хан, Салқам Жәңгір, Тәуке хан, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың денесі осы Түркістанда жатыр. ... Қазақ-жоңғар соғыстары барысында көзге түсіп ерлігімен танылған 40-қа жуық батыр жерленген. Иісі қазаққа билік айтқан қаз дауысты Қазыбек би, Қарқаралы хан атанған Бертіс би, Шоң би, Қараменді би, Бабыр би, сонымен қатар бас аяғы 50-ге жуық рухани қайраткерлер осы Ұлы бабаның жанына қойылған» деп көрсетеді (Тұяқбай, 2000: 298.). Бұл қазақ даласындағы рухани тұтастықтың қалыптасып сақталуында Ясауи жолының қандай маңызға ие болғандығын аңғартады. Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі 30.09. 1978 ж. Қазақ КСР министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша «Республикалық Ахмет Ясауи сәулет кешені музейі» болып ашылып, 1989 жылдың 28 тамызындағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №265 қаулысы бойынша «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі болып

қайта құрылды (Мұстапаева, 2011:200). Қорық-мұражайдың құрамында бүгінгі таңда Түркістан қаласының аумағында орналасқан 200-ден астам тарихи-мәдени ескерткіш есепке алынған. Оның ішінде ресми бекітілген Халықаралық маңызға ие 1 ескерткіш, Республикалық маңызға ие 16 ескерткіш, Жергілікті маңызға ие 14 ескерткіш бар. Кесене аумағында музейлендіріліп, топталған тарихи ескерткіштер қатарына: Қ.А. Ясауи кесенесі, Күлтөбе қалашығы, Қылует жер асты мешіті (XII ғ.), Шілдехана, Шығыс моншасы (XVI ғ.), Есім хан кесенесі (XVII ғ.), Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғ.), Жұма мешіті (XIX ғ.), Қала қорғаны, Әулие Құмшық ата жер асты мешіті, Әлқожа ата, Гауһар ана кесенелері енген (Рыскелдиев, 2006: 27–31)

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдессіз сәулет туындысы ретінде 2003 ж. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды. Ясауи сәулет ғимараты – аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс. Оның ені – 46,2 м, ұзындығы – 65,7 м. Ғимараттың орасан зор порталы және бірнеше күмбезді бар. Оның орталық бөлмесінің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Сол замандағы құрылыс жүргізуге арналған ағаш сатылар осы күнге дейін сақталған. Сәулет ғимараты сан-салалы қызмет атқаруымен қатар, қоғамның да саналуан деңгейіндегі мүшелерінің басын бір жерге қосып, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты, ынтымақ пен өзара қамқорлықты қамтамасыз еткен орталық болған. Ғимарат ішіндегі бөлмелер мен қабаттар арасындағы байланыс дәліздер және баспалдақтар жүйесімен қамтамасыз етілген. Қала аумағындағы сәулет ескерткіштері кешенінің ең бір көне де күрделісі «Қылует» жер асты мешіті болып табылады. Кезінде 18 бөлмеден тұрған жер асты құрылысы өзінше бір қалашық сынды әсер қалдырады. Құрылыста адам өмір сүруі үшін қажетті нәрсенің барлығы қарастырылған. Мұнда жер астындағы Ясауи салдырған бір адамдық «Ғар» бөлмесіне қоса «Мешіт» бөлмесі, «Жамағатхана» залы, қызметкерлерге арналған «худжра» бөлмелері, ыстық су дайындайтын, жуынатын дәрет алатын бөлмелер де ескерілген.

XX ғасырдың 30 ж. кесенеге келіп осындағы дәруіштердің тұрмысын зерттеген шығыстанушы ғалым М.Е. Массон, кесененің XIV ғ. салынған кезінен бастап Ясауи шәкірттерінің жиналып рухани ғибадат, құлшылық қылатын орталығы екендігін жазады. Массонның зерттеуі бойынша кесенеді Ислам дініндегі шартсыз ғибадатқа жататын жария зікір және ара зікір салынатын болған

(Массон, 1930:3-10). Тарихқа үңілсек «Қылует» деген ұғымның X ғасырда пайда болғандығын байқаймыз. «Қылует» сөзі арабша «Халуәтун» – жалғыз, жеке өмір сүруге ұмтылу деген сөзден шыққан. Ғалым С.М. Демидов өзінің «Суфизм в Туркмении» деген еңбегінде түркімен тілінде: «Қылует» – «құпия» деген мағына береді, деп келтіреді (Демидов, 1978:176). «Ислам: Энцикл. словарь» деген жинақта: «Халуатийы» ағымының суфизмнің ортодоксальді ислам билеушілері арасында да, ақ сүйек қауым арасында да қуғынға ұшырағаны сияқты, суфизмнің көптеген ағымдарының бірі «Халуатийа» да қолдау таппады. Бұл ағымды уағыздаушылар мен жолын қушылар жер асты мешіттері – «Қылуеттерде» кездесіп, уағыз айтып, зікір салып, медитациялық сеанстар өткізіп, гипноздық трансқа түсіп отырған. Мұндай жағдайға жету үшін оларға құпия мекен-жайлардың қажет болғандығы түсінікті екендігі қамтылған (Миловский, 1991:315). Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылық ілімнің қарапайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындағанын, ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер еткендігі байқалады. Қ.А. Ясауидің шәкірті әрі туысы Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» қолжазба шежіресінде Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың өзі 30-ға жуық «Қылует» мешіттеріне шәкірт баулығындығын, ал өзі 50-ден астам «Қылует» жұмысына басшылық жасап, төл шәкірттерін шартарапқа діни білім беру үшін аттандырып отырған (Жандарбек, 2002:168). М. Тұяқбаевтың «Түркістан сырлары» еңбегінде түрлі деңгейде «Қылует» мешіттерінің міндетін атқарған «Кіші Қылует», «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіті құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталғандығын, соңғы жылдары «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіттері қайта қалпына келтіргендігін, «Кіші Қылует» «Үлкен Қылует» сияқты тарихи орындардың 1942 жылы бұзылып, кірпіштері май заводын салуға жұмсалғандығын жазған (Тұяқбаев, 2000: 96). Қылует мешітке жүргізілген археологиялық қазбалардың есебіне сүйенсек, екінші дүниежүзілік соғысы жылдарынан кейін «Қылует» жер асты мешіттеріне бірнеше рет археологиялық зерттеулер жүргізілген екен. 1972-1973 жж. археолог Т. Сенигова қазба жұмысын жүргізді. Т. Сенигова 1942 ж. бұзылып алынған қабырғаларының ізін табу мақсатында

археологиялық барлау әдісімен жүргізілген қазба нәтижесінде табылған материалдарға сүйене отырып, құрылыстың салыну мерзімін XV-XVI ғғ. деп анықтайды (Сенигова, 1978:79-93). Алайда, Т. Сенигова «Қылу» мешітінің ең көне бөлігі деп есептелетін жер астындағы «Ғар» бөлмесінің іші-сыртына стратиграфиялық зерттеу жүргізбеу салдарынан алып кешеннің салыну уақытын анықтауда өрескел қателік жібергенін кейінгі зерттеуші археологтар Е. Смағұлов, Қ. Итенов, М. Тұяқбаевтар анықтап берді (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:232).

Кесене айналасына 1972-1973 жж. қазба жұмыстарын жүргізу барысында мұнан басқа да қылулардың бар екендігі анықталады. Олардың қатарында XII ғасырға жататын Әулие Құмшық ата жер асты мешітінің орыны бөлек (Жандарбек 2002: 105). Құмшық ата XII ғ. салынған жер асты мешіті республикалық мәртебеге ие тарихи ескерткіш, ол Кесенеден 800 м қашықтықта орналасқан. Биіктігі 3,4 метр, ұзындығы 15,7 метр, күмбезді бөлмесінің ені 3,5 метр. Ел аузындағы аңызға сүйенсек – Қожа Ахмет Ясауи Қылулардан жер асты жолы арқылы «Әулие Құмшық ата» мешітіне барып мінәжәт етіп отырғандығы айтылады (Алдабергенов, Құлымбетов, 2017: 117-121). Жер асты мешіті сопылардың діни-ғұрыптық құрылыстары қатарына жатады. Құмшық ата мешітінің айналасынан табылған керамика сынықтар мешіт салынғанға дейінгі VIII-X ғғ. жатады. Яғни мешіт салынғанға дейін ол жерде тіршілік болғандығын аңғартады.

М. Тұяқбаев «Түркістан сырлары» еңбегінде: «Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген «Ғар» бөлмесінің ерекшелігі «балх» әдісімен қаланған төрт қырлы күмбезден жабылған. Қабырғаларының ұзындығы 135x135 см. Құрылыс 25X25 см кіріпіштерден бір жарым қатар қалыңдықпен қаланған, жер бетінен 4-4,5 м тереңдіктегі аса ылғалды бөлме. Қабырғаның екі шетінде май шам қоятын орын да қарастырылған» деп жазған (Тұяқбаев, 2000:96). Осындай құрылыстың қайта қалпына келтіріліп, мұражай ретінде ашылуына неміс скульпторы А. Шмидт үлкен жұмыс атқарды. Ол құрылыстың макетін ағаш, қағаз және сазды пайдаланып 1940 ж. жасады. Бүгінде макеттің түпнұсқасы музейде сақтаулы. Әзіреті Сұлтан кесенесі Ясауи ілімінің өміршеңдігінің үлгісі, халықтың рухани, діни, қоғамдық, әлеуметтік қажеттіліктеріне сай жан-жақты қызмет атқарып келген, елдіктің және мемлекетшілдіктің ордасы болған ғимарат. Бүгінгі еліміздің тәуелсіз даму

жолына түсіп, халқымыздың рухани мұраларын зерттеудің өзектілігі артқан тұста оның – Ясауи ілімінің ашық ғибраттық мәні арта түсуде. Бабалар аруағын айрықша қастерлейтін қазақ жұрты үшін Түркістанның жолы мен жөнінің өзгеше болуының келесі сыры – бұл арғы-бергі тарихымызда есімдері ерекше құрметпен аталатын талай ел билеген атақты хандарымыздың, батағөй билеріміздің, халқына қорған болған батырларымыздың, аты ел аузында жүрген ақылшы абыздарымыз бен зердесі биік зиялыларымыздың жандары жай тапқан қасиетті қала (Тұяқбаев, 2000: 76).

Қаланың астаналық жағдайын ХҮІ ғасырдың 60 ж. теңгелер соғуды қайта жаңғыртқан Түркістан теңге сарайының белсенді жұмысы да, (Бурнашев, 1969: 58-68). Сондай-ақ ХҮІ ғасырдың аяғында атының өзгертілуі, Иассыдан Түркістан болып аталуы да айқын көрсетіледі. XVII-XVIII ғғ. Түркістан қаласы қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізген ұзақ та, ауыр күресі кезінде қазақ халқының басын біріктіріп, жауға соққы беруде тиісті рөл атқарғаны белгілі. «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз халық жадында сақталып, қазақ халқының басына түскен ауыр күндерде, әсіресе жоңғар басқыншыларына күрес мәселесіне байланысты шешім қабылдарда қазақтың игі жақсылары Түркістанда жиналып, шешім қабылдап отырған. Қазақ билерінің жиналып, кеңесудің нәтижесінде қазақ хандарының жазба заңдар жинағы «Жеті жарғы» да, Түркістанда дүниеге келеді (Кәрібаев, 1999:48). Түркістан шаһарының XIX ғасыр басында қоқандықтар қолына өтті. Халық арасында «Әзірет сұлтан қаласы», я болмаса «Әзірет Түркістан» деп ардақталған бұл қала XIX ғасырда да түркі жұртының иман бірлігінің символы ретіндегі рөлімен ерекшеленеді, сондықтан да Түркістанға билік жүргізу бүкіл түркі жұртын ықпалында ұстау және халықаралық беделге ие болудың белгісі іспетті еді. Қоқан билігі кезеңінде, қаланың мұсылман әлеміндегі діни орталықтардың бірі ретіндегі маңызы сақталды. Қоқандықтар Түркістан, Әулие-ата, Шымкент, Сайрам және т.б. елді мекендерде мешіттер, медреселер салдырды, мазарлар қалпына келтірілді. Далалық жерлерде Ферғаналық ишандар басқаратын мүридтік (суфизмді оқып-үйренуші шәкірттер) оқып үйрену жүйесі жолға қойылды (Жилина, 1982:17).

Қоқан хандығы билігі тұсында Түркістанда жаңадан құрылыс салу жағынан өзгерістер болды. Қаланы қоршаған қорған, қақпалар қайта

тұрғызылды. Қаланың әрбір шағын, магистралды көшелерінде мешіттер бой көтеріп ислам дінінің артуына одан да жақсы ықпалын тигізді. Барлық қокандық хандар Ахмет Иассауидің кесенесіне берілген вакуфтық грамотаның заңдылығын растап бекітіп отырды. Қоқан хандығы басып алған жерлерінің халқын қатаң езгіге салды. Ұлттық езгімен күштеу саясаты және мүлдем әлеуметтік құқықсыздық қазақтардың ашу-ыза-сы мен қарсылығын күшейтті. Түркістанға билік жүргізу бүкіл түркі жұртын өз ықпалында ұстау деген сөз болатын. Түрік рухының түп қазығы Түркістанға билік ету сол тұста халықаралық беделдің өсуінің бір белгісі еді. Сол үшін Орталық Азиялық хандықтардың қай қайысы болса да киелі Түркістан үшін кез келген құрбандыққа даяр болатын. Кесененің маңызы Түркістан және оның айнала шетіндегі қала, қоныстарға ислам мәдениетінің берік орнығуына септігін тигізді. Қалаларда сол заманда-ақ көптеген мешіттер салына бастады. Әйтсе де, олардың біразы бертін келе бұзылып жермен жексен болып кетті. Тарихи деректерге сүйенсек, Түркістан қаласында 1864 ж. 120 мешіт болған (Мұсабаев, 2015:176-181). Ал, 1908 ж. 41 мешітке көбейсе, жалпы өңірде 22-мектеп-медреселер жұмыс істеп тұрған (Свод памятников истории и культуры Казахстана, 1994:267).

Тәуелсіздігіміз ұлттық мәдени мұрамызды сақтап танытуға зор мүмкіншілік берді. 2000 жылы Түркістан қаласының күллі Шығыстағы тарихи рөлін, Орталық Азияның тарихи, рухани, мәдени әлеміндегі орнын жете бағалаған Президент Н. Назарбаев ЮНЕСКО арқылы халықаралық деңгейде Түркістан қаласының 1500 жылдық тойының аталып өтілуіне мұрындық болды. Бұл тек қазақ елінің ғана емес, бір кездерде көне Тұран мемлекетін құрған өзге түркі жұртшылығының да үлкен мерекесі болды. Алайда қала жасы 1500 жыл емес, одан да ертеде екені туралы археологиялық қазба кезінде табылған дәлелдер болса да, сол белгіленген уақыт бойынша тойланды. 2000 ж. 19-21 қазан күндері түркі халқы Түркістанның 1500 жылдық мерейтойын тойлады.

2017 жылы Шеки қаласында өткен ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы тұрақты кеңесінің XXXIV отырысында Түркістан шаһары түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Осылайша Түркістан елордамыз Астана мен Түркияның Ескишехир, Түркменстанның Марысы мен Әзербайжанның Шеки қаласынан кейін, мұндай мәртебеге лайық деп танылған 5-ші шаһар атанды. Түркі елдерінің тағдырын тоғыстырған киелі

Түркістан төріндегі дүбірлі шараға 23 мемлекеттен келген Түркі тілдес 25 ұлттан тұратын 300-ге тарта шетелдік қонақтар, халықаралық ұйым өкілдері, қазақстандық зиялы қауым және өнер тұлғалары, бұқаралық ақпарат құралдары мен оңтүстік қазақстандық тұрғындар, яғни, жалпы саны 10 мыңға жуық адам қатысты (Мұхамеджанов, 2017).

Салтанатты жиында Түркітілдес мемлекеттердің әлем халқын бірлікке, достыққа, бейбітшілікке шақыруға арнаған үндеуі қабылданды. Түркістан қаласының мәдени астана деп жариялануының бірнеше себебі бар. Біріншіден, былтыр Қожа Ахмет Яссауидің қайтыс болғанына 850 жыл толуына байланысты ЮНЕСКО 2016 жылды «Яссауи жылы» деп атап өтті. Бұдан соң Яссауидің туған жерін және жатқан мекенін мәдени астана ретінде жариялау да осы шараның жалғасы іспеттес. Екіншіден, Қожа Ахмет Яссауи түркі мұсылмандығының, түркі руханиятының негізін қалаушы. ... «Түркістан» атауы – бүкіл түркілер мекендеген ұлы аймақтың атауы. Қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан жерлеріне орта ғасырларда еуропалықтар, ағылшындар, орыстар географиялық атау ретінде «Түркістан» сөзін қолданды (Тұрғанбаев, 2017). Көп ғасырлық тарихы бар Түркістан қаласы түбі бір туысқан түркі халықтарының аса маңызды қасиетті рухани және мәдени орталығы болып саналады.

Қорытынды

Тарихи Ұлы Жібек жолының бойындағы Түркістан – қазақ хандығының астанасы, бүгінгі таңда түркі халықтардың рухани орталығы. Түркістан қаласының тарихы 1 мыңжылдықтан бері келе жатыр. Бүгінгі таңда ескі қаланың жоғарғы қабатының тарихи белгілері бұзылған. Күлтөбеден Түркістан қаласының жасы 1500 жылдан да тереңде екендігін айғақтайтын деректер табылған. Қала атауы алғаш Шавғар деген атпен шығыс жазбаларындағы деректерде кездеседі.

Түркістан – түбі бір түркі халықтарының тарихтың түркі кезеңінде, тұтас ұлыс болып ұйысуында, ортақ ділі мен тілін қалыптастырған қасиетті мекен. Шерхан Мұртаза мен Рашид Ыбыраев «Киелі Түркістан» деген мақаласында «... Әр елдің, егер ол өз тарихын, өз ұлтын, өз мәдениетін, өз намысын бағалай білетін ел болса, сол елдің пір тұтқан, асыл кие тұтатын бір мекені болады. Мысалы, ол өзбектерде – Самарқанд, Бұқара, орыстарда – Суздаль Влади-

мир, Иранда – Машхат, Моңғолда – Қарақұрым, біз үшін, сондай рухани алып Түркістан...»деп, ерекше атап өтеді (Шерхан, Ыбыраев, 1994). Бабалар аруағын айрықша қастерлейтін қазақ жұрты үшін Түркістанның жолы мен жөнінің өзгеше болуының келесі сыры – бұл арғы-бергі тарихымызда есімдері ерекше құрметпен аталатын талай ел билеген атақты хандарымыздың, батагөй билеріміздің, халқына қорған болған батырларымыздың, аты ел аузында жүрген ақылман абыздарымыз бен зердесі биік зиялыларымыздың жандары жай тапқан қасиетті қала.

XIV ғасырда Ясауи кесенесі салынғаннан кейін, қаланың түркі әлеміндегі беделі мен рухани орталығы ретінде үлкен маңызға айналды. Бұл ғимарат – өз заманындағы сәулет өнерінің барлық жетістіктерін бойына жинаған құрылыстарының бірі. Бүгінде күрделі жөндеуден өткен тарихи нысан жылына мыңдаған туристі тартып, өзіне қызықтыруда.

Қ.А. Иасауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енген тарихи ескерткіш. Қала екі жүз жылдай Қазақ хандығының астанасы қызметін атқарып, қалада Қазақ хандығының ішкі, сыртқы саясатына байланысты көптеген мәселелер шешімін тапқан. Кеңестік заманда кесенеге тек ортағасырлық сәулет ескерткіші тұрғысынан ғана қарау басым болды. Оның күллі түркі әлемі үшін маңызы зор екендігі ескерілмеді. Түркістан қаласы аумағында 200-ден астам тарихи ескерткіштер бар. Олардың

ішіндегі толығымен қалпына келтірілген ескерткіштер қатарына жер асты мешіттері Қылует, Әулие Құмшық ата т.б. Қылует Кесенеден оңтүстікте 150 м жерде орналасқан. XII ғасырда салынған құрылысты XX ғасырдың 40-жылдарында толығымен бұзылып, қыштарын зауыт салуға қолданған. Археологиялық архитектуралық зерттеулермен 1941 жылы жасалынған макетке сүйене отырып Қылует және Әулие Құмшық ата жер асты мешіттері толығымен қалпына келтірілген. Түркістан – тоғыз жолдың торабына айналып, түркілер еліне әлемнің төрт қиырынан жаңалықтар жеткізген түркілер туралы мағлұматты да сол төрт қиырға таратқан, сөйтіп, ұлы даланың әлемдік өркениетпен байланысын қамтамасыз еткен сырлы өлке. Кезінде түбі бір түркі тайпалары бір тамырдан өсіп-өніп, енші алысқанға дейін, бүгінгі қара шаңырақ – Түркістан түркі халқына ортақ болғандықтан күні бүгінге дейін түрік ағайындар Түркістанға кие тұта зор сүйіспеншілікпен қарайды. Сондықтан бүгінде Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы. Көп ғасырлық тарихы бар Түркістан қаласы түбі бір туысқан түркі халықтарының аса маңызды қасиетті рухани және мәдени орталығы болып саналады. Талай тарихи тұлғалар мен беделді адамдардың денесі жерленген Түркістан қаласының қасиетті рухани орталыққа айналуын кездейсоқтық емес, қайта заңды құбылыс деп айта аламыз.

Әдебиеттер

- Алдабергенов Н., Құлымбетов О. (2017). Қожа Ахмет Ясауи маңындағы көне ескерткіштердің зерттелу тарихынан // Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы. ХҒТК. Түркістан: ИП «Сейт», 117-121 бб.
- Бекчурин М. (1972). Туркестанская область. Заметки статического советника Бекчурина. Москва.
- Берденова Х. (1999). Түркістанның дүниеге келуі. // ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының ғылыми журналы., №2(4) – 96 – 100 бб.(996.)
- Бурнашев Р. (1969). Клады медных монет из города Туркестана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата. С. 58-68.
- Демидов С.М. (1978). Суфизм в Туркмении. Эволюция и пережитки Ашхабад-Ылым, С. 176.
- Жандарбек З. (2002). «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. Алматы: Дайк-Пресс, – I т. – 168 б.
- Жилина А.Н. (1982). Традиционные поселения и жилища узбеков Южного Казахстана // Жилища народов Средней Азии и Казахстана. Москва. С. 17.
- Массон М. (1930). Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент. С. 210.
- Милославский Г.В., Петросян Ю.А., Пиотровский М.Б., Прозоров С.М (ответственный секретарь) (1991). Ислам: Энциклопедический словарь. Москва: Наука. – С. 315.
- Мұсабаев Қ. (2015). Баб араб кесенесі мен мешітінде жүргізілген археологиялық зерттеулер // Қазақ хандығы тарихындағы Түркістанның орны атты халықаралық ғылыми теориялық конференция. Түркістан, 176 -181 бб.
- Мұстапаева Д. (2011). Қазақстандағы музей ісінің тарихы. Түркістан, 200 б.
- Мұртаза Ш., Ыбыраев Р. (1994). Киелі Түркістан // Егеменді Қазақстан, 15 қыркүйек.
- Мұхаметжанов Б. Түркі әлемінің мәдени астанасына қалтқысыз қызмет ету – абыройлы міндетіміз. // <https://www.qazaquni.kz> 2017/03/15/ 66378 (1.10.2018)
- История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. (2006). Французские исследователи в Казахстане. Алматы, «Санат», 408 стр.

- Кәрібаев Б. (1999). Түркістан және Қазақ хандығы. Алматы: Сардар, 176 б.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). (1998). Т. 2. Алматы: Атамұра, -264 бет. (<http://abai.kz/post/5215>)
- Рыскелдиев Т. (2006). Әзірет Сұлтан мемлекеттік қорық музейі. / Қазақстан музейлері. – №3(9), -27–31 бб.)
- Сенигова Т.Н. (1978). Керамика городища Туркестан из верхнего строительного горизонта (XVII-XVIII вв.) // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата. С. 79-93.
- Смагулов Е. (1999). Григорьев Ф., Итенов А. Очерки истории и археологии средневекового Туркестана. Алматы, 232 с.
- Свод памятников истории и культуры Казахстана. (1994). Южно-Казахстанская область. Алматы, С.267.
- Тұяқбай М. (2000). Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы, 298 б.
- Тұрғанбаев А. (2017). Түркістан – күллі түркі жұртының рухани астанасы.// <https://turkystan.kz/> 16 наурыз.
- Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфихани. Михман-Намети Бухара (Записи Бухарского гостя) (1976) / Перевод, предисловия и примечания Р.П. Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. Москва, – С.-368.

References

- Aldabergenov N, Kulimbetov (2017). «Koca Ahmet Yasavi mañındağı köne eskerikşterdiñ zerttelu tariyhınan. [History study of old monuments near the mausoleum of Kozha Akhmet Yasawi] Türkistan aymağındağı arheologiyyalık eskerikşterdiñ sabaktastıǵı. Halıkaralık ǵılımyı konf. Materiıyaldarı». Türkistan: IYP «Seyt», s.119
- Bekçuriyn M. (1972). Turkestanskaya oblast. Zametkiy statiyşeskogo sovetniyka Bekçuriyna [Turkestan region. Notes static adviser Bekkchurina]. Moskova, s. 486.
- Berdenova N. (1999). «Türkistanñiñ dñniyege kelui». [The Birth Of Turkestan Kazakistan Gumanıytarlık ǵılımdar Akademiy-yasınıñ ǵılımyı jurnalı., [2/4] s. 96 – 100.
- Burnaşev R. (1969). Kladı medniñ monet iz goroda Turkestana. [Hoards of copper coins from the city of Turkestan] Kultura drevnih skotovodov i zemledeltsev Kazahstana. Alma -Ata, S. 58-68.
- Demiydov S.M., (1978). Sufizm v Turkmenii. Evolyutsiyya i perejytkiy. [Sufism in Turkmenistan. Evolution and remnants] Aşhabad. İlim, s. 176.
- Jandarbek Z. (2002). «Nasab–nama» nuskaları jane türki tarıhı. [Versions of «Nasab Nama» and history of Turks] Almatı: Dayk-Press, s. 168
- Jiliyna A.N. (1982). «Tradiytsiyonniye poseleniyya iy jiylişça uzbekov Yujnogo Kazahstana». [Traditional settlements and dwellings of Uzbeks of southern Kazakhstan] // Jiylişça narodov Sredney Aziyyi i Kazahstana. Moskova., s.139
- Masson M., (1930). Mavzoley Hoca Ahmeda Yaseui. [The Mausoleum Of Khoja Ahmed Yasawi]. Tashkent. s. 310.
- Mustapayeva D. (2011). Kazakstandağı muzey isiniñ tarihi. Turan baspası, Türkistan, s.200.
- Musabayev K. (2015). «Bab arab kesenesi men meşitinde jürgizilgen arheologiyyalık zertteuler». [Archaeological study of the mausoleum and mosque of Bab Arab] Kazak Handıǵı tarihındağı Türkistanñiñ ornı atı halıkaralık ǵılımyı teoriyyalık konferentsiyya. Türkistan, ss. 176 -181
- Miloslavskiy G.V., Petrosyan Y.A., Piyotrovskiy M.B., Prozorov İslam S.M. (1991). Entsiklopediyşeskiy slovar. [Islam: Encyclopedic dictionary.] Nauka, Moskova, s. 315.
- Murtaza Ş., İbrayev R. «Kiyeli Türkistan», Egemendi Kazakstan gazetesi, (15.09.1994) s.3
- Muhametjanov B. «Türki aleminiñ madeniy astanasına kaltkısız kızmet etu – abıroylı mindetimiz».// <https://www.kazakuni.kz> 2017/03/15/ 66378
- İstoriya Kazahstana v zapadnih istoçnykah XII-XX vv. (2006). [History of Kazakhstan in Western sources of the XII-XX centuries]. Frantsuzskiyey issledovatelıy v Kazahstane. Almatı, Sanat, s.408
- Karibayev B. (1999). Türkistan jane Kazak handıǵı. [Turkestan and the Kazakh khanate] Almatı: Sardar, s.176
- Qazaqstan tarıhi (kone zamannan byginge deyn). (1998). [history of Kazakhstan] T 2. Almatı: Atamura, -264 bet (<http://abai.kz/post/5215>)
- Rıskeldiyev T. (2006). «Aziret Sultan memlekettik korıki», [State reserve Kozha Akhmet Yassauı] Kazakstan muzeyleri. [3/9] s.27.
- Senigova T.N., (1978).«Keramika gorodıyşça Turkestan iz verhnogo stroiytelnogo gorizonta(XVII-XVIII vv.)» [Ceramics of Turkestan settlement from the upper construction horizon (XVII-XV centuries.)] //Arheologiyşeskiye pamyatniykiy Kazahstana. Alma-Ata, s.93
- Smagulov E.A., Grigorev F., (1999). İytenov A. Oçerkiy iystoriyyiy iy arheologiyiy srednevekovogo Turkestana. [Essays on the history and archeology of medieval Turkestan]. Almatı, s.232
- Svod pamyatniykov iystoriyyiy iy kulturi Kazahstana. (1994). [Set of historical and cultural monuments of Kazakhstan]. Yujno – Kazahstanskaya oblast. Almatı, s.267.
- Tuyakbayev M. (2000). Türkistan sırları. Jalın, Almatı, s. 96 .
- Turganbayev A. (2017). «Türkistan – külli türki jurtıñiñ ruhanıy astanası». [Turkestan is the spiritual capital of the Turkic world]. // <https://turkystan.kz/> 16 Mart
- Fazlallah ibn Ruzbihân İsfahânî. (1976). Mihman-name-yiy Buhara. (Zapiski Buharskogo gostya) [Mihman-Namei Bukhara (Notes of Bukhara guest)] /Tercüme: R.P.Djalıylovoy. Editör: A.K. Arends. Moskova, s.368